**№ 38 «Жазира» бөбекжайы МКҚК-да «Қамқоршылық кеңесінің» отырысы.**

**Хаттама №1**

Күні: 06.10.2023ж
Қатысқандар:10
Қамқоршылық кеңесінің мүшелері;
№38 «Жазира» бөбекжайының директоры: А.С.Убишева

**Күн тәртібінде:**

I. «ҚБББ- нің Қамқоршылық кеңесін ұйымдастыру туралы» бұйрығымен таныстыру.

II. 2023- 2024 оқу жылына Қамқоршылық кеңесінің жоспарын құру, талқылап, бекіту.

**I.Тыңдалды: Меңгеруші Айжан Султановна**

Құрметті бүгінгі жиынға жиналушылар, мен сіздерді ең алдымен Орал қаласы білім беру бөлімінің 2023жылдың 19 сәуіріндегі «Мектепке дейінгі ұйымдарда қамқоршылық кеңес жұмысын ұйымдастыру туралы» № 3-14/2340 бұйрығымен және Білім басқармасы ҚР Оқу- ағарту министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 278 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны білім беру ұйымдарында сайлау тәртібіне ҚР Оқу – ағарту министрінің м.а. 01.03.2023 ж. №56 бұйрығымен өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2 сәуірдегі № 123 бұйрығының 6- тармағына сәйкес Бұйырамын:

1. Қамқоршылық кеңеске мүше болуға үміткерлердің жазбаша келісімімен алынған ұсыныстардың негізінде 50 мектепке дейінгі ұйымда қамқоршылық кеңестері құрылсын. (1-49 қосымша)

2. Мектепке дейінгі ұйым басшылары қамқоршылық кеңес жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына сәйкес қамқоршылық кеңес жұмысының ұйымдастырылуын және жұмыс жасауын бақылауға алсын.

Осы бұйрықты негізге ала отырып, сіздерді жұмыла жұмыс жасауға шақырамын.

**Жарыссөз: Б.Қайыркүл**
ҚБББ бұйрығымен танистық, өзіміз осы қамқоршылық кеңеске мүше болуға келіп отырмыз. Жалпы айтқанда қамқоршылық кеңес дегеннің өзі қоғам мен бөбекжайдың өзара қарым- қатынасы. Бұл кеңес алқалық басқарудың бір түрі болып табылады. Кеңестің өзінің мақсат міндеттері болады соған орай бәріміз жұмыла жұмыс атқарамыз деп ойлаймын.

**Жарыссөз: А.Дускалиев**
Оның сөзі бойынша: қайырлы күн, баршаңызға. Жиын басталғаннан бұйрықпен танысып, кеңес мүшелерінің сөздерін тыңдап отырмыз. Өте орынды айтылып жатыр. Қамқоршылық кеңес- бұл қоғамдық жұмыстың иммиджінің бір бөлігі болып табылады.Қамқоршылық кеңесінің жұмыс тегін. Бірақ аса жауапкершілікті талап етеді. Сондықтан барлық кеңес мүшелерін жауапкершілікпен бірлесе жұмыс атқаруға шақырамын.

**II. Тыңдалды: Сулейменова Софья Сериковна**
Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша кеңес төрайымы сөз алды. Құрметті жиынға жиналған кеңес мүшелері және бөбекжай директоры, баршаңызшы осы 2023-2024 оқу жылына арналған қомқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарымен таныстырып өтейін. *(Жұмыс жоспары қосымша жалғанды)*Бөбекжай бойынша балалардың тізімі жасақталып, әлеуметтік топтарға жататын балалар тізімі реттеліп, «Мектепке жол» тақырыптарында қамқорлық акциялары кезінде көмек көрсету жоспарланды. Жоспарда дөңгелек үстел, кездесулер өткізу қарастырылған. Бөбекжайдың қоғамдық өміріне араласу, шараларға белсене қатысу қамқоршылық кеңес мүшелеріне міндеттеледі. Бөбекжайда алдағы уақытта заңнамаға сәйкес дербес балансымен қамқоршылық есепшот ашу жоспарлануда. Алдағы уақытта қамқоршылық кеңес мүшелері және басқа да демеушілер осы есепшот арқылы қаржылай көмек бере алатындығын айта кету керек болар деп есептеймін. Барлық жиналған қамқошылық кеңес мүшелеріне жоспарға сәйкес жұмыла жұмыс атқаруды ұсынамын. Жоспарға өзгерістер енгізу керек болған жағдайда ұсыныстарыңызды ортаға салуларыңызды сұраймын.

**Жарыссөз:** Кеңес мүшесі: П.Кеселев жоспарда көрсетілген іс- щаралар дұрыс бағытта алынған деп санаймын. Ұсынысым жоқ. Жоспармен келісемін.
Жоспарды бекітуді дауысқа салу:
Қолдау-8
Қалыс –жоқ

Қарсы-жоқ

**Қабылданған қаулы:**

I. Қамқоршылық кеңесінің қатысушылары, Орал қаласы білім беру бөлімінің 2023жылдың 19 сәуіріндегі «Мектепке дейінгі ұйымдарда қамқоршылық кеңес жұмысын ұйымдастыру туралы» № 3-14/2340 бұйрығымен таныстырылды деп танылсын.

II. Қамқоршылық кеңес жұмыс жоспары талқыланып, бірауыздан бекітілді деп танылсын. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің ұсыныстары қаперге алынсын.

Қамқоршылық кеңес төрайымы: С.С.Сулейменова

Хатшы: Д.А.Дильмукашева